

**Мемлекеттер, мемлекеттер үкіметі, халықаралық ұйымдар желілері бойынша Қазақстан Республикасына берілген грант қаражаты есебінен тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) жеткізушілерге қосылған құн салығын төлеуді растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 22 қарашадағы N 1583 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 27 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 1705. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 9 қаңтардағы N 5 бұйрығымен.

*Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2009.01.09 N 5 бұйрығымен.*

----- Бұйрықтан үзінді -----

***Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :***

*1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.*

*2 . . . . .*  
*3 . . . . .*

*4. Осы бұйрық 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.*

*Министр*

*Б.Жәмішев*

*Қ а з а қ с т а н*

*Р е с п у б л и к а с ы*

*Қ а р ж ы*

*М и н и с т р д і ң*

*2 0 0 9*

*ж ы л ғ ы*

*9*

*қ а ң т а р д а ғ ы*

*№ 5 бұйрығына қосымша*

*Күші жойылған кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

*1 . . . . .*

*5. "Мемлекеттер, мемлекеттер үкіметі, халықаралық ұйымдар желілері бойынша Қазақстан Республикасына берілген грант қаражаты есебінен тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) жеткізушілерге қосылған құн салығын төлеуді растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 22 қарашадағы № 1583 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1705 болып тіркелді, "Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетені" журналында жарияланды, 2002 ж. № 12, 552-құжат).*

.....

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"  
K010209\_ Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне ( С а л ы қ к о д е к с і ) с ә й к е с  
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса берілген Мемлекеттер, мемлекеттер үкіметі, халықаралық ұйымдар желілері бойынша Қазақстан Республикасына берілген грант қаражаты есебінен тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) жеткізушілерге қосылған құн салығын төлеуді растайтын құжаттар тізбесі бекітілсін. 2. Әдістеме департаменті ( Н.Д.Үсенова) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келіссін және оны мемлекеттік тіркеуге Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін. 3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді және 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі. Министр Келісілді Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Мемлекет кіріс министрінің Қаржы министрі 2001 ж. 22 қарашадағы 2001 ж. 26 қараша N 1583 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттер, мемлекеттер үкіметі, халықаралық ұйымдар желілері бойынша Қазақстан Республикасына берілген грант қаражаты есебінен тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) жеткізушілерге қосылған құн салығын төлеуді растайтын құжаттар тізбесі

Грант қаражаты есебінен сатып алынатын (322.00 нысаны) тауарлар ( жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша төленген қосылған құн салығын қайтару туралы өтініште қосылған құн салығын қайтару үшін Қазақстан Республикасына грант беру туралы халықаралық шартқа сәйкес бенефициар болып табылатын мемлекеттік орган - грант алушы және егер Қазақстан Республикасының аталған халықаралық шартымен өзге көзделмесе орындаушыны тағайындаушы оны сату мақсатында грант алушы тағайындайтын орындаушы - тұлға (бұдан әрі - орындаушы) салық органына өз тіркеу орны бойынша мынадай құжаттарды б е р е д і :

- 1) 322.00 нысан бойынша өтініш;
- 2) Қазақстан Республикасына грант беру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге енгізілген шетел мемлекетімен, шет ел мемлекеттерінің үкіметтерімен немесе халықаралық ұйымдармен жасалған Қазақстан Республикасының шартының көшірмесі;
- 3) тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жеткізуші грант алушы не орындаушы жасаған шарт (келісім-шарт) көшірмесі;
- 4) орындаушының қосылған құн салығын қайтаруға өтінішпен жүгіну кезінде осындай ретінде оны тағайындауды растайтын құжат көшірмесі беріледі;
- 5) тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) тиеу және алуды р а с т а й т ы н қ ұ ж а т т а р :

жеке жолмен қосылған құн салығының сомасын бөле отырып қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын жеткізушіге қойылған шот-фактура; жүк құжаттамасы, тауар-көлік жүк құжаттамасы; грант алушы немесе орындаушы материалды-жауап берушінің тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) алуды растайтын құжаты; белгіленген тәртіпте рәсімделген жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) грант алушы немесе орындаушы орындаған және қабылдаған актілер; б) алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін, оның ішінде қосылған құн салығына төлемді растайтын құжаттар. Мамандар: Омарбекова А.Т

Б а г а р о в а

Ж . А .